



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№20 (445) 31 желтоқсан,
2024 жыл



Құрметті әріптестер!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл қарсаңында әрбір игі істер мен тың бастамаларыңызға сәттілік, отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-береке әкелсін! 2025 жыл мерекелі, берекелі болып, мерейлеріңіз үстем, беделдеріңіз биік, абыройларыңыз асқақ болуына тілектеспін!



БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – бұл аймақтағы білім беру мен ғылымның көшбасшысы, жаңашылдық пен дәстүрді біріктіре отырып, қоғамның дамуына зор үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орны. Қазіргі уақытта тек өңірдің ғана емес, біртұтас ұлттың алдыңғы шептегі білім ордасы деп айта аламыз. Себебі университет өзінің көпжылдық тарихымен, заманауи мүмкіндіктерімен және халықаралық серіктестіктерімен ерекшеленеді. Мұнда әрбір студент сапалы білім алып, болашақтағы кәсіби жолын сәтті бастауға мүмкіндік алады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің миссиясы – жаңа білім қалыптастыру арқылы аймақтың зияткерлік әлеуетін ашу және дамыту. Бұл оқу орнының басты мақсаты – бәсекеге қабілетті өңірлік университет ретінде адами капиталды дамытуға ықпал ету, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне қолдау көрсету.

Біздің университетте білім беру саласындағы ең заманауи және сұранысқа ие мамандықтар ұсынылады. 140 бакалавриат, 44 магистратура және 13 докторантура бағдарламасы студенттерге сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, университетте 12 инновациялық білім беру бағдарламасы енгізілген. Бұл бағдарламалар аймақтың ғана емес, халықаралық деңгейдегі қажеттіліктерге жауап береді. Мәселен, «Жасанды интеллект және информатика» институты арқылы студенттер жаңа технологиялар әлеміне еніп, ақпараттық жүйелер мен киберқауіпсіздік саласында терең білім алады.

Университет заманауи технологиялар саласында үлкен жетістіктерге жетуде. Сеул ұлттық ғылым және технология

университетімен (SeulTech) бірлесіп ашылған «Жасанды интеллект және информатика» институты аймақтағы инновациялардың негізгі орталығына айналды. Бұл институт шеңберінде келесі бағыттар бойынша білім беріледі:

- Информатика;
- Ақпараттық жүйелер;
- Киберқауіпсіздік;
- Компьютерлік бағдарламалау.

2025 жылдан бастап қос дипломды бағдарламалар ұсынылып, «AI архитектор» және «Деректерді басқару» бағыттары бойынша мамандар даярланады. Бұл студенттерге халықаралық деңгейдегі білім алу мүмкіндігін береді.

Осыдан Қорқыт Ата университеті халықаралық байланыстарды дамытуға ерекше мән беретінін байқауға болады. 2023-2024 оқу жылында 138 студент шетелдік жоғары оқу орындарында білім алды. Университеттің серіктестері қатарында Оңтүстік Корея, Польша, Түркия, Қытай, Бельгия, және Қырғызстанның үздік университеттері бар. Бұл ынтымақтастық аясында студенттер тек білім алып қана қоймай, өз елінің мәдениетін насихаттап, халықаралық тәжірибе жинақтайды.

Қазіргі заманда кәсіпкерлік білімнің маңызы зор. Қорқыт Ата университеті бұл бағытта да жоғары деңгейде жұмыс істеуде. University of Suffolk және Change School (Ұлыбритания) серіктестігімен бірлесе отырып, «Бизнес және кәсіпкерлік» жоғары мектебі құрылды. Мұнда Executive MBA бағдарламасы бойынша оқыту жүргізіледі. Бұл бағдарлама аймақтық және халықаралық деңгейде табысты кәсіпкерлерді даярлауға бағытталған.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАР ПРОЦЕСІН ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ЗАҢ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

Қазақстан Республикасының Президентімен 1 шілде 2024 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңға қол қойылды. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл заң мемлекеттік сатып алулар саласын құқықтық реттеудегі уақыт талабына сәйкес қабылданған маңызды құжат.

Жаңа заң сатып алу жүйесін айтарлықтай реформалауға бағытталған және оның негізгі мақсаттары – ашықтықты арттыру, бәсекеге қабілеттілік пен сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейту және тиімділікті арттыру.

Көптеген жыл бойы сатып алу процесі ашықтықтың жеткіліксіздігі, жоғары бюрократия деңгейі және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері үшін сынға ұшырап келді. Ескі жүйедегі сатып алу рәсімдерінің күрделілігі және қатысу мүмкіндігінің шектеулілігі, нарықтағы ірі кәсіпкерлік субъектілерінің басымдығы, соның салдарынан бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі, сыбайлас жемқорлық схемалары мен бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану және сатып алуды жоспарлауда негізсіз баға белгілеу секілді проблемалар аясында жинақталған мәселелерді шешуде жаңа заң маңызды қадам жасауда.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАР ПРОЦЕСІН ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ЗАҢ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?



Көрсетілген кедергілерден өндірістік қажеттіліктері мен жарғылық қызметтері бәсеңдеген тапсырыс берушілер үшін де мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге қатысты жаңа заң нормаларының енгізілді.

4 желтоқсан 2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 59 баптан тұратынын ескерсе, жаңа заң жүйеленіп небәрі 29 баптан тұрады. Оқуға да түсінуге де өте ыңғайлы.

Жаңа заңмен белгіленген өзгерістерге сәйкес, 2025 жылдан бастап мемлекеттік сатып алу жүйесі өзгереді, мемлекеттік тапсырыс берушілердің жауапкершілігі қатандап, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу жүргізу қағидаттарының сақталуы бірінші басшылардың жауапкершілігіне жүктеледі. Атап айтқанда, заңның 16 бабының 6 тармағына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының сақталуына дербес жауапты болады.

Зандағы өзгерістер тапсырыс берушілердің өндірістік қажеттіліктері үшін сапалы тауарлар сатып алуға мүмкіндіктер ашады, мемлекеттік сатып алу ісін жүргізудегі әкімшілік кедергілер жойылып, арыз шағымдарды қарау құзыреті тапсырыс берушіге жүктеледі. Сонымен қатар, тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау бойынша дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Қажетті тауарлардың техникалық сипаттамасын қаншалықты толық, ашық, сауатты етіп дайындағанымен, іс жүзінде сапасы жағынан төмен тауар сатып алуға мәжбүр болып келген көптеген тапсырыс берушілер үшін жаңа заңдағы өзгерістер қуанышты жайт. Ендігі кезекте, тапсырыс берушілер үшін заң нормаларын мүлтіксіз орындап, жоспарлы және жүйелі түрде жұмыстардың ұйымдастырылуы басты міндет болуы тиіс.

Бұрын сонды уәкілетті қадағалаушы

органдар және тапсырыс берушілер арасындағы даулы мәселе «ілеспе қызметтерді» конкурстық құжаттамаға енгізу заңмен міндеттеліп, конкурстық құжаттамада, аукциондық құжаттамада, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта, егер бұл тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті пайдалануға беру үшін қажет болса, іске қосу-реттеу жұмыстарын орындау туралы талап болуға тиіс екенлігі бекітілген.

Тапсырыс берушілермен қатар, өнім берушілердің де жауапкершілігі арта түскен.

Өзімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін төленетін қаражаттың сомасы 3 пайыздан 5 пайызға дейін ұлғайған.

Сатып алынатын біртекті тауарлардың құны 1000 АЕК аспайтын болса, жарияланатын хабарламада тауарлардың фирмалық атауын, тауар таңбасын, қызмет көрсету белгілерін көрсетуге рұқсат беріледі.

Мемлекеттік сатып алу ісін бір көзден сатып алу мәселесі де қайта қаралып, мемлекеттік сатып алу ісін жүргізуде бәсекелестік тәсілдерді таңдауға басымдылық берілетіндігі нақты көрсетілген.

Дегенмен, жаңа заңмен тапсырыс берушілер үшін де мүмкіндіктер қаралып, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есеппік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есеппік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есеппік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, оларды бір көзден шарт жасасу арқылы сатып алуға рұқсат етілген. Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары қатаң сақталуы тиіс және жоғарыда көрсетілгендей бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шешім бірінші басшымен қабылданатындығы, мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуы шешім қабылдаған тұлғаға жүктелетіндігі нақты айқындалған.

Жаңа заңдағы он өзгерістер жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін де қуантуда. Айталық, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарының әкімшілік кедергілерсіз жүргізілуін қамтамасыз ету үшін бюджеттік қаражат есебінен жүргізілетін ғылыми жұмыстарды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу

заңнамасының нормаларын қолданбай жүзеге асыруға мүмкіндік берілуі ғалым әріптестерімізге, жалпы ғылым саласына көрсетілген үлкен қолдау.

Мемлекеттік сатып алуға сатып алу жүйесінің ашықтығын арттыру мемлекеттік институттарға деген халық сенімін нығайтуға ықпал ететіндіктен, жаңа заңмен қоғамдық бақылау институты енгізіліп, қоғамдық бақылау субъектілері веб-портал арқылы және онда қамтылған ақпараттың негізінде «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қоғамдық мониторинг жүргізе алатындығы жаңа заңмен бекітіледі.

Жаңа заңның конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге кез келген өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптар белгілеуге тиым салуға арналған нормасы және өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптарға алғаш рет анықтама беруі әлеуетті өнім берушілерді қолдауға бағытталғанымен, тапсырыс берушілер үшін біліктілік тұрғысынан үлкен жауапкершілік жүктейді.

Қазіргі таңда көрсетілген заңдағы өзгерістер мемлекеттік сатып алу жүйесіне қатысушылардың арасында кеңінен талқылануда. Жаңа заңның айқын артықшылықтарына қарамастан, заңды табысты іске асыру мемлекеттік органдар, бизнес және қоғам тарапынан үйлестірілген күш-жігерді талап етеді. Бұл ретте, электрондық платформаның тиімді жұмыс істеуі, мемлекеттік сатып алу субъектілерін оқыту, соның ішінде тапсырыс берушілердің біліктілігін арттыру, оларға арнайы біліктілік талаптар белгілеуді, сатып алуды бақылауға азаматтық қоғамның белсенді қатысуын қамтамасыз етуді, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруды және кері байланысқа жағдай жасауды қажет етеді.

Яғни, жаңа заң мемлекеттік сатып алудың ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілікті арттырумен қатар, тапсырыс берушілерге де үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекеттік сатып алу ісін жүргізуге қатысты қабылданған әрбір шешім құқықтық жауапкершілікке әкеп соғатынын ұмытпаған жөн.

Қорытындылай келе, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген жаңашылдықтарды қолдануда жаңа серпіліс жаңаша жұмыс жүйесін қалыптастыратынына сенім білдіре отырып, мемлекеттік сатып алу ісіне қатысушыларға сәттілік тілеміз.

Самал ИЛ'ЯСОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы

БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ



Экологиялық мәселелерге бейжай қарамайтын университет мамандары Арал өңірін зерттеуге ерекше көңіл бөлуде. Университет Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай, Польша, Португалия елдерінің ғалымдарымен бірлесіп, Арал теңізінің экологиялық ахуалын жақсарту бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл жобалар тек ғылыми қызығушылық қана емес, аймақ тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды бастама. Жалпы, білім ордасы аймақтың өзекті мәселесін шешуге де үлес қосып жатқаны мақтан тұтарлық дүние. Кез келген университеттің қолынан келе бермейтін игі іс.

Университет білім беру бағдарламаларын одан әрі дамыту және аймақтық экономикаға үлес қосу бойынша бірнеше маңызды жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл жоспарлар арасында жасанды интеллект саласында жаңа зерттеулер жүргізу, кәсіпкерлік бағдарламаларды кеңейту және халықаралық ғылыми серіктестіктерді нығайту бар. Мен аталған оқу орнының ұстазы ретінде шамашарқымыз келгенше осы жоспарларды жүзеге асыруға атсалысамыз. Бүгінгі күні «Жасанды интеллект және информатика» институтында ағылшын тілінен сабақ беру маған ерекше тәжірибе сыйлайды. Мұнда студенттер болашаққа айқын мақсаттар қоя отырып, жаңашыл ойларымен және ғылыми ізденістерімен ерекшеленеді. Олардың ынтығасы мен табандылығы оқытушы ретінде маған да шабыт береді. Институт заманауи техникалық базамен жабдықталған, яғни жоғары өнімді компьютерлер, зертхана-

лар, және интерактивті оқыту құралдары студенттердің сапалы білім алуына қызмет етеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – бұл тек білім беру орны ғана емес, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды тірегі. Университет ұжымы білім алушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, оларды болашақ көшбасшылар ретінде тәрбиелеуге күш салауда. Егер сіз сапалы білім алғыңыз келсе немесе ұстаздар біліміңізді кеңейтіп, мықты маман болғыларыңыз келсе, онда Қорқыт Ата университеті – сіз үшін ең дұрыс таңдау деп барық адамға айтар едім.

Нұрғазы ЖАПБАРОВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Шетел тілдері және аударма» БББ аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

ЭНДАУМЕНТ ҚОРҒА – 3 ЖЫЛ

Биыл «Korkyt Ata Endowment» корпоративтік қоры өзінің үшінші туған күнін атап өтуде. Қысқа мерзім ішінде қор білім беру және әлеуметтік қолдау саласында сенімді серіктес ретінде танылды, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дамуына тұрақты үлес қосып келеді.

«Korkyt Ata Endowment» корпоративтік қоры — университетімізде 2021 жылы қызметін бастаған мақсатты капитал. Қор университеттің білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы стратегиялық мақсаттарына қолдау көрсету үшін құрылды. Сонымен қатар, қордың қызметі университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның ішінде аумақты абаттандыру, кітапхана қорын жаңарту, ғимараттарда жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған. Қор жастар саясатын және бастамаларын қолдай отырып, студенттерге атаулы гранттары мен сти-



пендиялар тағайындайды. Бұдан бөлек, қайырымдылық акцияларына қатысу және осындай форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін материалдық қолдау көрсету қарастырылған.

Қордың құрылуынан бері «Korkyt Ata Endowment» қоры үлкен жұмыс атқарды. Үш жыл ішінде жөндеу, абаттандыру, ғалымдардың монографияларын шығару, жобалар үшін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу, іс-шараларды

ұйымдастыру және тағы басқа жұмыстарға қаржы бөлінді.

3 жыл — «Korkyt Ata Endowment» корпоративтік қоры үшін тек бастама. Қор университетті қолдау және дамыту миссиясын жалғастыруда, және біз алда оның жаңа жетістіктері мен табыстары күтіп тұрғанына сенімдіміз. Қорға көмек көрсеткен барлық адамға алғысымызды білдіреміз. Қорды мерейтойымен құттықтаймыз және оның игі қызметіне табыс тілейміз!

Қ Ұ Т Т Ы Қ Т А Й М Ы З !

Қазіргі таңда еліміз білім беру саласы ғылыми зерттеулердің дамуына ерекше назар аударып келеді. Әсіресе, ғылыми кадрларды даярлау мәселесі жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі саналады. Осы тұрғыда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің жас ғалымдары аймақтың ғылыми әлеуетін арттыруда маңызды үлес қосуда. Университеттің 5 докторанты өздерінің зерттеу жұмыстары бойынша диссертацияларын сәтті қорғап, PhD дәрежесіне ие болмақ. Бұл оқиға аймақтық ғылымның дамуында жаңа белес болып табылады. Ендеше, ғалымдардың есімін назарларыңызға ұсынамыз!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 8D01721(6D011700)-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Тулебаева Айдынгул Тойбазаровна «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар»

тақырыбындағы диссертациясын қорғады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 8D01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Закирова Асель Сейдуллаевна «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы диссертациясын қорғады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-ның 8D073 - Сәулет және құрылыс бағыты бойынша Диссертациялық кеңесінің шешімімен 8D07365 (6D072900) – «Құрылыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бақытқұл Бокаевна Аубакирова «Өнеркәсіптік ғимараттар мен имараттарда ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын мониторинг жүйесі цифрлі технология негізінде жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-ның 8D073 - Сәулет және

құрылыс бағыты бойынша Диссертациялық кеңесінің шешімімен 8D07366 – «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастылымдарын өндіру» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Гулнұр Мухамеджановна Жакыпова «Жергілікті шикізат ресурстары негізінде майда түйіршікті бетоннан төсеніш тақтайшаларын өндіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қорғады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі 8D011 - Педагогика және психология кадрларды даярлау бағытындағы диссертациялық кеңесте, 8D011 (6D010300) - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін Г.Е.Ботабаев «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациясын қорғады.

Әлеуметтік ұтқырлық жағдайында халықаралық ынтымақтастық маңызды

«Біздің ғалым» - шетелде оқитын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары туралы баяндайтын жаңа айдар. Аударымыздың қонағы – Ресейде, Қазан федералды университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп жүрген, педагогика ғылымдарының магистрі Эльмира Байниязова. Студенттерінің коммуникативтік құзіреттілігі, Қазан лингвистикалық мектебі, Қазақстанға оралғаннан кейінгі жоспарлар және т.б. туралы біз Эльмира Мерекеқызымен әңгімелестік.



- Эльмира Мерекеқызы, сіздің зерттеуіңіз туралы сұрақтан бастайын. Сіздің ғылыми жұмысыңыздың тақырыбы қандай? Неліктен сіз осы бағытты таңдадыңыз?

- «Цифрлық технологиялар арқылы жоғары оқу орындары студенттерінің шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» жұмыс тақырыбымен осылай аталады. Менің ойымша, мәселе өте өзекті, өйткені қазіргі қоғам әлеуметтік ұтқырлықтың күшеюімен, барлық деңгейдегі байланыстардың дамуымен, құндылық бағдарларының күрт өзгеруімен сипатталады. Бұл жалпы өмірдің барлық салаларында, атап айтқанда білім беруде коммуникация қажеттілігін күшейтеді. Шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі де өзінің өткірлігін жоғалтпайды. Мәселе цифрлық технологиялар арқылы да сәтті шешілуі мүмкін, бұл педагогикалық ғылым мен практиканың нақты басымдығына айналады. Әлем тез дамып, өзгеруде, сондықтан «шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы жүйелі және икемді тәсілді қажет етеді. Жұмыста біз болашақ шет тілі мұғалімінің тұжырымдамалық, процессуалдық және нәтижелі блоктарды қамтитын шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін ұсындық, мұғалімдердің шет тілдік хабардарлығын қалыптастыруда оқытудың интерактивті технологияларының әдістемелік мүмкіндіктерін айқындадық.

- Сіздің әріптестеріңіз зерттеуде қандай әдістерді қолданады? Олар қазақстандық әдістерге қалай ұқсас немесе ерекшеленеді?

- Қазан университетінде оқуымды маңызды деп санаймын, өйткені мұнда 14 кафедра, бес ғылыми-білім беру орталығы, ҚФУ Филология және мәдениетаралық коммуникация институтының үш ғылыми - зерттеу зертханасы шоғырланған. Дәл осы жерде төрт әйгілі ғылыми мектептің: Қазан лингвистикалық мектебінің, Қазан әдебиеттану мектебінің, Қазан түркология мектебінің және Қазан лингвометодикалық мектебінің дәстүрлері сақталып, тереңдей түсуде. Дәл осы жерде лингвистиканың маңызды бағыттарының бірі - түсету жұмыстарынан бастап сөйлеуді талдау және синтездеу құралдарын құруға дейінгі жетістіктері әртүрлі салаларда қолданылатын эксперименттік фонетика пайда болғанын бәріміз білеміз.

Университетте түркология лингвистикалық мектебінің өкілдері белсенді жұмыс істейді, татар тілімен байланысты қызықты жобалар жүзеге асырылуда. Постулаттары жүйелілік пен функционалдылықтың лингвистикалық принциптері болып табылатын лингвометодикалық мектеп, тілге жұмыс істейтін жүйе ретінде қарауға байланысты, педагогикалық тұрғыдан өте қызықты. Бұл менің зерттеу салам, мұнда тілдер мен мәдениеттер арасындағы диалог мен үшін маңызды.

Лингвистикада қолданылатын әдістер әр түрлі елдерде әр түрлі деп айтуға болмайды. Бірақ, әрине, өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Қазақстанда этнолингвистика мен лингвомәдениетті зерттеуде қазақ халқының тілі мен мәдениетіне байланысты зерттеулерге, ұлттық компоненттерді зерттеуге көбірек сүйенеді. Ресейде семантикалық және құрылымдық талдау әдістері толығырақ қолданылады. Онда да, мұнда да адамның сөйлеу әрекетін белсенді зерттеу жүргізіледі, яғни психоллингвистика сияқты компонент дамиды.

Қазақстандық ғалымдардың тілдерді зерттеу жөніндегі жаһандық жобаларға қатысуын қамтамасыз ететін халықаралық ынтымақтастық білім беру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ еліміздің жалпы дамуы мәселелеріндегі маңызды қадам болып табылады. Сондықтан, цифрлық филологияны дамыту, филологияны мәдениеттанумен, антропологиямен, когнитивтік психологиямен біріктіру тұрғысынан халықаралық ынтымақтастық кеңістігін кеңейту қажет деп ойлаймын.

- Отандық ғылымның даму перспективалары және шетелдік тағылымдамалардың қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне әсері туралы пікіріңізбен бөлісіңіз. «Болашақ» халықаралық бағдарламасының «500 ғалым» жобасының болашағы бар ма?

- Қазақстанның отандық ғылымының әлеуеті зор, алайда оны одан әрі дамыту бірқатар негізгі міндеттерді шешуді талап етеді: ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды күшейту, инфрақұрылымды жаңғырту, кадрлар даярлау және әлемдік ғылыми қоғамдастыққа интеграциялау.

«Болашақ» сияқты халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламалары ғылымның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Олар, ең алдымен, ғалымдардың құзыретін күшейтеді. Әлемдік жетекші ғылыми орталықтардағы тағылымдамалар қазақстандық зерттеушілерге зерттеу жобаларына озық әдістемелерді, жабықтарды және ғылыми тәсілдерді неғүресе мүмкіндік береді. Шетелдік ғылыми практика ғылыми байланыстарды кеңейтеді, халықаралық бағдарламалар жаһандық ғылыми желілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл ынтымақтастыққа, жарияланымдарға және ірі халықаралық жобаларға қатысуға ықпал етеді. Халықаралық ғылыми, білім беру және мәдени алмасудың арқасында білікті кадрлар жетілдірілуде. Мұндай бағдарламалар ғылыми-зерттеу қызметін жаңғыртуға және технологиялар трансферіне ықпал етеді. «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасына келетін болсақ, бастама өзінің тиімділігін дәлелдеді, ал зерттеушілерді мақсатты қолдауға бағытталған «500 ғалым» жобасы отандық ғылымды нығайтудың негізгі құралы бола алады. Алайда оның жетістігі бірқатар факторларға байланысты болады. Біріншіден, білімнің мақсатты интеграциясы: шетелде алған білім мен технологиялардың Қазақстандағы нақты ғылыми және қолданбалы жобаларда қолданылуы маңызды. Екіншіден, мамандарды қайтару үшін жағдай жасау: ғалымдар жобаларды лайықты қаржыландыруды, жаңғыртылған инфрақұрылымды және бәсекеге қабілетті жалақыны қоса алғанда, Қазақстандағы өз мансабының болашағын көруі тиіс. Үшінші, маңызды фактор - бағдарламаны кеңейту: көптеген мамандар мен зерттеу бағыттарын, әсіресе жасанды интеллект, лингвомәдениеттану, лингводиалогтика, шет тілін оқыту әдістемесі, биотехнология және жанартылатын энергетика салаларын қамту.

Егер мемлекет ғылымды қолдау және халықаралық ғылыми қоғамдастыққа интеграциялау бағдарламаларын дамытуды жалғастыратын болса, онда қазақстандық ғылым отандық экономиканы, өндірісті, сондай-ақ отандық білім беру жүйесін дамыту үшін маңызды болып табылатын елеулі табыстарға қол жеткізе алады. Бұл жағдайда «500 ғалым» бағдарламасы уақытша шара ғана емес, ұзақ мерзімді ғылыми жоспарлаудың негізі бола алады. Біз сондай-ақ UNESCO және Eu

Horizon сияқты халықаралық ғылыми қорлармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды кеңейту туралы айтуға тиіспіз, бұл қаржыландыруды күшейтуге және қазақстандық ғылымның беделін арттыруға мүмкіндік береді.

«Болашақ» және «500 ғалым» сияқты бағдарламаларды іске асыруға, оларды стратегиялық ұлттық басымдықтарға интеграциялауға, жас зерттеушілер үшін жағдай жасауға және Қазақстанның жаһандық ғылыми кооперацияға белсенді қатысуына деген жүйелі қадам ғана отандық ғылымның тұрақты дамуын және оны халықаралық аренада тануды қамтамасыз етеді деп ойлаймын.

- Кәсіби сапарының басында тұрған және қай салада жұмыс істеу керектігін таңдау үстінде жүрген жастарға не кеңес бере аласыз. Білім алу үшін қай елге баруға неғүресе берер едіңіз?

- Ең бастысы - еңбек нарығындағы трендтерді, өз мүдделері мен қабілеттерін зерттеу. Хобби, мектеп пәндерін оқу, әлеуметтік, қоғамдық, білім беру және еріктілік жобаларына қатысу арқылы ненің шынымен қызықты екенін түсіну маңызды. Жақын арада қандай мамандықтар сұранысқа ие болатынын талдау қажет. Менің берер негізгі кеңесім: бағытты өзгертуден қорқудың қажеті жоқ. Қазіргі әлем тез өзгеруде және көптеген табысты адамдар қызмет салаларын өзгертеді. Оқу — бұл соңғы нүкте емес, тек бастамасы. Қандай таңдау болмасын, сыни тұрғыдан ойлау, коммуникация, жобаларды басқару және шет тілдерін білу сияқты дағдылар әрқашан пайдалы болады.

Ең жақсы таңдау таңдалған қызмет саласына байланысты. АҚШ пен Канада жоғары технологиялық салалар — IT, жасанды интеллект, медицина үшін қолайлы. Германия мемлекеттік университеттерде, әсіресе инженерия және машина жасау сияқты техникалық мамандықтарда ақсыз немесе қол жетімді білімімен танымал. Нидерланды ағылшын тіліндегі бағдарламаларымен және экология мен тұрақтылыққа мықты позицияларымен даңқы шыққан. Оңтүстік Корея мен Жапония: электроника, робототехника немесе биотехнологияда инновация жасағысы келетіндерге таптырмас елдер. Ұлыбритания мен Австралия заң, халықаралық қатынастар, медицина және жаратылыстану ғылымдарын зерттеуге қолайлы. Скандинавия елдері — Швеция, Финляндия — экология, тұрақты даму және әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы көшбасшылар.

Үйге жақын болғысы келетіндер үшін қазақстандық Назарбаев Университетін немесе Ресейдегі ММУ/СПМУ қарастырыған жөн. Қазақстан академиялық ұтқырлық бағдарламаларын да белсенді дамытуда. Білім жолын таңдау бағытындағы өз тәжірибемді ескере отырып, мен Ресейдегі ҚФУ-ін ұсынамын, ол көптеген бағыттар мен дайындық профильдерін ұсынады.

Жастар үшін шетелде білім беру тек білім ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны қалыптастыратын және жаһандық ойлауды дамытатын тәжірибе екенін есте ұстаған жөн.

Егер сіз шетелде оқуды жоспарласаныз, алдында дайындықты бастаңыз: университеттердің талаптарын зерттеңіз, TOEFL, IELTS сияқты тілдік тесттерден өтіңіз. Стипендия бағдарламаларын қарастыруға болады, мысалы, қазақстандық «Болашақ», Erasmus, Fulbright.

Ұзақ мерзімді мақсаттар қою керек, бірақ жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлерге ашық болған жөн.

«500 ғалым» бағдарламасының әрбір қатысушысының басты міндеті - алған тәжірибені мемлекетті қолдау үшін пайдалану.

- Қызықты әңгімеңізге рақмет!

**Әңгімелескен Назерке ШАРАПАДДИН,
«Медиа орталық» жетекшісі**

ТӘЖІРИБЕДЕН ТАҒЫЛЫМ: УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – білім беретін қарапайым мекеме ғана емес, мыңдаған жастың арманын іске асырып, өмір жолына бағыт-бағдар берген қасиетті орда. Бүгінде осы оқу ордасынан түлеп ұшқан түлектер еліміздің әр өңірінде өз салаларының кәсіби мамандары ретінде абыройлы қызмет атқарып жүр. Олар университет қабырғасында алған білімдері мен тәжірибелерін өмірде шеберлікпен пайдаланып, қоғамның дамуына елеулі үлес қосуда. Сол себепті, университет түлектеріне арналған “Алдыңғы толқын” атты айдарының кезекті шығарлымын ұсынамыз. Бұл рубрика арқылы олардың тәжірибесі мен құнды ойлары қазіргі және болашақ студенттерге үлгі болып, алдарына қойған мақсаттарын сеніммен жүзеге асыруға шабыттандырады.

**Андижанов Тимур
Алдамжарович, Қазақстан
хореографтар одағының мүшесі,
“Реверанс” би ансамблінің жетекшісі:
Жіберген қателіктеріне қарап, осу
жолына сабақ ал!**



**- У н и в е р с и т е т
с і з ү ш і н қ а н д а й
м ү м к і н д і к т е р а ш т ы?**

- Қорқыт Ата университеті маған тек білім беру мекемесі ғана емес, өмірдің жаңа кырларын ашқан ерекше әлем болды. Бұл жер маған кәсіби бағытта ғана емес, жеке тұлға ретінде дамуыма да мол мүмкіндіктер берді. Студенттік жобалар, тәжірибелік жұмыстар, университет қабырғасында өткен тренингтер арқылы көп нәрсені үйрендім. Сонымен қатар, университеттің арқасында өз саладағы сарапшылармен танысып, білімімнің жаңа деңгейіне жол аштым. Қорқыт университеті маған нақты тәжірибеге негізделген білім алуға мүмкіндік берді.

- Оқу барысында сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Оқу барысында мен жауапкершілік пен табандылық қасиеттерін шыңдадым. Университеттегі тапсырмалар мен жобалар маған уақытты тиімді басқаруды үйретті. Топта жұмыс істеу арқылы командалық рухты сезініп, ұжыммен тіл табысу, түрлі көзқарастарды тыңдап, олармен жұмыс істей білу маңызды екенін түсіндім. Сонымен қатар, креативті ойлау қабілетім де дамыды. Әр пәндегі жаңа ақпараттарды біріктіріп, оны өзімнің кәсіби салама қолдануды үйрендім.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

- Ең бірінші – коммуникация және шешендік өнерді дамытуға кеңес беремін. Бүгінгі заманда өз ойыңды ашық әрі нақты жеткізе білу – баға жетпес дағды. Екінші – цифрлық сауаттылық, себебі

технологияның дамуымен барлық салада IT құралдары қолданылады. Үшінші – сыни ойлау қабілетін дамыту. Оқылған ақпаратты талдап, сараптай білу, көпке топырақ шашпай, шындықты іздеу бүгінгі күннің ең маңызды дағдыларының бірі деп есептеймін.

- Университетте сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол сізге қалай көмектесті?

- Ең маңызды кеңестердің бірі – “Жіберген қателіктеріңе қарап, өсу жолыңа сабақ ал” деген еді. Бұл сөздер маған үнемі мотивация берді. Қателік жіберуден қорықпай, әрбір тәжірибемді оң қадам ретінде қабылдауды үйрендім. Бұл кеңес, әсіресе, алғашқы жұмыс тәжірибемде көмектесті, себебі мен кез келген жағдайды қиындық ретінде емес, жаңа мүмкіндіктердің бастауы деп қабылдай бастадым.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансап жолын сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

- Бастысы – өз салаңды жақсы көріп, үнемі дамуға ұмтылу. Оқу аяқталғанда әлемге дайын маман болып шығу міндетті емес, бірақ үйренуге дайын болу маңызды. Үнемі жаңа нәрселерге қызығушылық танытып, кәсіби ортаға бейімделуге тырысыңыз. Желілік байланыстар құруды да ескеріңіз – университет кезіндегі байланыстар ертеңгі күні мансабыңызға оң әсер етеді. Өз қабілеттеріңізге сеніп, әр жаңа мүмкіндікке дайын болыңыз.

Рауан Ибрагимұлы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамының Еуропа және Азия департаментінің бас менеджері: Университет кәсіби жолымның бастауы болды



**- У н и в е р с и т е т
с і з ү ш і н қ а н д а й
м ү м к і н д і к т е р а ш т ы?**

- Университет маған тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар кәсіптік қызметімде пайдалы болып шыққан п р а к т и к а л ы қ дағдыларды да берді. Ол маған мемлекеттік және жергілікті басқаруды оқуға жол ашты, бұл менің кәсіби жолыма негіз болды. Оқумен қатар әртүрлі жобаларға да қатыстым, бұл білімді өмірде қолдануды үйренуге мүмкіндік берді. Университет маған пайдалы байланыстар орнатуға және әлеуметтік ортамы кеңейтуге көмектесті, бұл әрі қарай жұмысқа орналасуымда маңызды рөл атқарды.

- Оқу барысында сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Университетте оқу маған жұмыста және өмірде пайдалы болатын бірнеше маңызды қасиетті дамытуға көмектесті: Біріншіден, аналитикалық ойлау. Оқыған мамандығым ақпаратты қабылдауды ғана емес, оны талдауға да үйретті, бұл кез келген салада пайдалы.

Екіншіден, коммуникация. Оқу барысында топта жұмыс істеуге, мұғалімдермен және әріптестеріммен тіл табысуға тура келді, бұл маған адамдармен қарым-қатынаста сенімді болуға және өз ойымды жеткізуді үйренуге көмектесті.

Үшіншіден, уақытты басқара білу. Университетте мен үнемі оқуды, жобаларды және жеке істерді біріктірдім. Бұл маған уақытты тиімді басқаруды үйренуге көмектесті, бұл жұмыста да маңызды.

Төртіншіден, топтық жұмыс. Топта әрқашан ортақ тіл тауып, нәтижеге жету үшін бірлесіп жұмыс істеу қажет болды және бұл қасиет маған кәсіби қызметімде өте пайдалы болды.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

- Мен студенттерді цифрлық және лекерлер дағдыларын дамытуға шақырамын едім. Бұл дағдылар көптеген мамандықта сұранысқа ие болуда. Excel, Power BI немесе тіпті SQL сияқты деректерді талдау құралдарымен жұмыс істей білу әсіресе пайдалы. Үкімет пен бизнесте мұндай білім сіздің бәсекеге қабілеттілігіңізді айтарлықтай арттырады.

Сонымен қатар, өзгерістерге тез бейімделуді үйрену және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту маңызды, өйткені әлем өте тез өзгереді және бұл табысты жұмыс үшін маңызды қасиеттер.

- Университетте сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол сізге қалай көмектесті?

Университетте алған ең пайдалы кеңестердің бірі қателік жасаудан қорықпау керектігі болды. Ұстаздар: «Қателіктер – саяхаттың бір бөлігі, ең бастысы, олардан сабақ алу керек», - деді. Бастапқыда бірден дұрыс болмай жа деп уайымдадым, бірақ бұл кеңес маған жаңа нәрселерді байқап көруден қорықпауға және бірінші сәтсіздікке тоқтамауға көмектесті. Кәсіби өмірде де қателіктер жасауға тура келеді, олардан сабақ алып, алға жылжу маңызды.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансап жолын сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

Менің негізгі кеңесім – оқу барысында тәжірибе жинақтау. Бұл тағалымдама, волонтерлік немесе нақты өмірлік мәселелермен жұмыс істеу болуы мүмкін. Тәжірибе неғұрлым көп болса, оқуды бітіргеннен кейін жұмыс табу оңайырақ болады. Теорияны меңгеріп қана қоймай, оның практикада қалай қолданылатынын түсіну маңызды.

Мен сондай-ақ белсенді болуға және кәсіби байланыстарды құруға кеңес беремін – іс-шараларға қатысу, мұғалімдермен және әріптестермен қарым-қатынас жасау. Бұл сізге болашақта жақсы мансап мүмкіндіктерін табуға көмектеседі.

Және, әрине, білім дипломмен аяқталмайтынын есте ұстаған жөн. Өзін-өзі дамыту және жаңа дағдыларды меңгеру өмір бойы жалғасуы керек.

**Пікірлерді жинаған:
Маржан БАЗАРХАНОВА**

ӨНЕР – ҰҚСАТУ: ПЛАСТИКАЛЫҚ АНАТОМИЯ

Әрбір өнер туындысы табиғаттың қайталанбас заңдылықтарына, оның әсемдігіне ұқсауға тырысады. Аристотелге сүйенетін болсақ, өнер дегеніміз – ұқсату. Басқаша айтатын болсақ, адамды шабыттандыратын қасиет, оның ішіндегі айналаға деген тамсанысы. Мысалы, табиғат суретін салар кезде суретші айналаны өз көзімен қалай көріп тұрғанын салуды мақсат етеді, адамның суретін салар кезде адамға тән симметрияларды ескере отырып, екі қол ұзындығын бірдей қылуға, түр әлпетін дәл есеппен салуға ұмтылады. Скульптура құрайтын кезде, бір аяғын екінші аяғынан қысқа етіп қойса, сырт бейнесіндегі тепе-теңдікті (басы тым үлкен, денесі тым кішкентай, аяқ-қолы ұзын не қысқа секілді) сақтамай құратын болса, скульптураның өнер ретіндегі бағасы түседі, сырт көзге жағымсыз көрінеді. Аталмыш мақалада скульптураны мысал ретінде ала отырып пластикалық анатомия ғылымынан сөз қозғайтын боламыз.

Ең алғашқы скульптуралардың шығу тегі туралы бірнеше мәліметтер кездеседі. Адамдар арасында ең алғаш жазу, қолға ине ұстап, киім тігу және таразы жасап, есепкисаппен айналыса бастаған кездерден бері ескерткіштер жасала бастаған екен. Адам атадан (а.с.) кейін келген Ыдырыс есімді пайғамбар (а.с.) заманында сол заманның үздік ғұламалары әртүрлі елді мекендермен тығыз араласып, ілім және біліммен бөліскен. Жылдар өтіп, бұл ғұламалар да дүниеден озады. Әрбірі арғы дүниеге аттанған сайын ел қатты қайғырады. Ел арасында келер ұрпақ бұл ғұламалардың әңгімелерін, тура жолға бастар қиссаларын ұмытпасын деген мақсатта, ғұламалар құрметіне ескерткіштер салына бастайды. Байқағанымыздай, адам баласы ерте заманнан бері есеппен және өнермен айналыса білген.


Енді басқа деректерге сүйенсек, алғашқы скульптуралар жабайы адамдар арасында келесі ұрпаққа білімді және Құдайшылықты мұра етіп қалдыру үшін кең таралған деседі. Ең алғашқы және ең танымал скульптуралар олар – полеволиттік Венералар (көбіне Еуропа аймағында табылған, бірақ Еуразия аймағының біраз бөлігінен, Пиреней тауларынан бастап, Байкал көліне дейінгі аралықта кездескен). Келесі ретте барлығымызға белгілі ежелгі Египетте адам пропорциялары туралы білімді адам суреттерін, ескерткіштерді, храмдарды әсемдеу мақсатында көп қолданған. Адамдар арасындағы бұл өнердің даму мақсатына көз жеткіздік деп ойлаймыз. Бұл өнер түрін шынайы әсемдік мақсатта қолдану үшін ғылымнан және адам денесіндегі қайталанбас есептен хабардар болу қажет, сонда ғана оның шынайы әсемдігін аңғара аламыз. Осы мәселені жан-жақты талдау үшін біз пластикалық анатомия ғылым саласының негіздеріне назар аударайық.

Пластикалық немесе мүсінді анатомия – адам және жануарлардың сыртқы пішіндерінің табиғатын анатомиялық ерекшеліктермен көрсетіп, зерттейтін анатомия саласы. Кез келген бір заттың пішінін жасау үшін ең алдымен оның «іргетасын» құру қажет. Барлығымыз оңай түсіне алатын мысал – үй салған уақытта ең алдымен фундаменттің қажеттілігі. Соған орай үйдің салынуы, оның биіктігі мен пішіні анықталады. Сол сияқты адамның іргетасы – оның қаңқасы (скелеті).

Адам сүйектерінің ерекшеліктерін, құрылысы мен орналасу аймақтарын білу арқылы адам кейпін құрастыруға болады. Мысалы, совет бейнелеушісі әрі ғалымы М.Герасимов қайтыс болған адамның қаңқасын зерттеу арқылы сол адамның нақты бейнесін, түр әлпетін сала білген.

бұғана ұзындығы – екі жауырын арасына тең. Адам денесі – тік тұрған екі қол ұзындығына тең, адам денесінің керемет пропорцияларын талдау үшін Леонардо Да Винчи салған «Леонардо Квадратына» тоқталамыз.

«Леонардо Квадраты» – ең бірінші және ең нақты салынған адам пропорциясының суреті.



Адамның жалпы дене құрылымын бейнелей алу үшін, дененің нақты өлшемдерін білу қажет. Бұл заманға дейін адам денесіндегі бастың, омыртқаның, бел сүйегінің және табанның өлшемі зерттеліп, орташа көлемі және бір-біріне қатынасы анықталды. Қысқасы, мүшелердің пропорциясы (барлық мүшелер бір-біріне) дұрыс қатынаста болуы шарт. Пропорцияны білу арқылы, адам кейпін нақты салуға жол ашылады. Нақты есеппен құрастыра алу үшін өлшем бірлік ретінде модуль қолданылады. Модуль деп адам денесін тұтастай алғанда сол дененің кез келген тұсына бірнеше рет қойып, өлшеуге келетін мүшені айтамыз. Көбіне адам денесінің модуль ретінде басты келтіреді. Сүгіретте берілген адамның басы 1 модульге тең. Орташа есеппен әрбір адамның бойы 7-8 модульмен сәйкес келеді екен, яғни денеңіздің пропорциясы мен бойы 7-8 басқа тең. Адам фигурасының дәл ортасы жамбас сүйектің алдыңғы жағында немесе оны кіндікпен түсіндіруге болады. Бас сүйектің төбесі мен кеуде емізіктерінің арақашықтығы екі модульге тең (екі бас).

Барлық тірі организмдер 1 : 0,62 (алтын кима) қатынасында құрастырылған. Алтын кима – гармониялық бөлінді. Адам қолын алатын болсақ, тоқпан жіліктің көрі жілікке қатынасы, кәрі жіліктің алақанға қатынасы 1 : 0,62-ге тең.

Ең басты пропорциялар: адам басы – білезік буындары мен алақан ұзындығына тең, алақан ені – ортаңғы саусақтың ұзындығына тең, көрі жілік ұзындығы – табанның ұзындығына тең,

Да Винчи шеңберге адамның көтеріңкі қолдары мен екі жаққа ашылған аяқтарын салған, осылайша шеңбердің дәл ортасы кіндікке тең болады. Егер де шеңберге 6 бұрышты фигураны енгізетін болсақ, көлденең сызық өткізгенде центрі кіндік болады, ал тік сызық жүргізсек, адам дәл екі бірдей симметриялы бөлікке бөлінеді. Қолдары мен аяқтарының ұштары 6 бұрышты фигураның үстіңгі және астыңғы екі бұрышына дәл сәйкес келеді.

Адам мүсінін әдемі етіп салу үшін есепті және ғылымды тану керек. Білім мен ғылым бар жерде әсемділік пен әдемілік те болады. Бір скульптураны дұрыс сала білу үшін денесін 7-8 модульге теңестіру қажет, әрбір дене бөлігін дұрыс ұзындықта салып, басқа мүшелермен қатынасты 1 : 0,62 бойынша сақтау керек. Әлі бұл бұл са саладан айтылмаған қаншама бөлімдер бар. Тереңірек ұғынған сайын көркемдікте арта бастайды. Адам денесі ең әдемі әрі ең көркем бейнеде қайталанбас есепкисаппен құрастырылғандығын аңғарамыз. Жоғарыда келтірілген Аристотельдің «өнер – ұқсатуға тең» тұжырымын біз осылай ашып, талдадық. Адам баласы зерттейді, санайды, өлшейді, әдемілікке ұмтылады. Біз соны өнер деп атаймыз – шынайы әсемдікке ұқсау. Бірақ біз максималды түрде ұқсатуға тырысамыз, өйткені бұл өнердің оригинал кейпін тек айнадан көресіз.

**Мұсаб ҚУДАЙБЕРГЕН,
Б-21-1 оқу тобының студенті**

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ: ПОЛЬШАДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШУ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің біршама білім алушысы шет елдерде академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы білімін жетілдіруде. Соның бірі – Шұғыла Әніс. Ол Польшадағы Лодзь университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы білім алып жүр. Өзінің шетелдік оқу тәжірибесі туралы Шұғыла бізбен шынайы ой-пікірлерін бөлісіп, Польшадағы студенттік өмірдің ерекшеліктері, білім беру жүйесіндегі айырмашылықтар және бұл бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігі туралы сұхбат алды.



- Лодзь университетіне келгенде алғашқы әсеріңіз қандай болды?

- Польшаға келгендегі алғашқы сезімді сөзбен жеткізу қиын. Лодзь университетіндегі алғашқы сабақ күндерімде өзіме: “19 жасымда шетелде оқып жатырмын, мектеп кезіндегі арманым жеттім” деп айтқаным есімде. Әрбір нәрсе маған ерекше әрі әдемі көрінді.

- Университеттің білім беру жүйесі Қазақстандағы университеттерден несімен ерекшеленеді?

- Қазақстанда бір сабақ 50 минутқа созылса, Лодзь университетінде 90 минутқа дейін жалғасады. Алғашында бұл ұзақ уақытқа созылған сабақтарға үйрену қиын болды, бірақ бір аптадан кейін жүйеге бейімделе бастадым.

- Оқытушылардың сабақ беру әдістемесі қандай? Бұл сіздің оқу процесіңізге қалай әсер етті?

- Оқытушылар студенттердің уақытын өте бағалайды. Тапсырмалар үшін ұзақ делайын беріледі, бұл тапсырманы тереңірек қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытушылар әрбір студенттің жеке пікірін тыңдауға ерекше мән береді. Бұл әдіс менің ойлау қабілетім мен сыни көзқарасымды дамытуға көп көмектесті.

- Сіздің бағдарламаңызда қай пәндер ерекше қызығушылық тудырды? Неге?

- Маған ерекше ұнаған пәндер “Polish Culture for Foreigners” және “Psychopedagogical Aspects of Language Acquisition” болды.

Бірінші пәнде поляк тілінің тарихын, оның ерекшеліктерін үйренсек, екінші пәнде психологиялық тұрғыдан мықты мұғалім болып шығудың әдістерін зерттейміз. Бұл пәндер маған болашақ мамандығымда үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын.

- Сіздің ойыңызша, академиялық ұтқырлық бағдарламасы сіздің кәсіби дамуыңызға қандай әсер береді?

- Әр университеттің өзіндік ерекшелігі бар. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы менің жан-жақты дамуыма, әртүрлі көзқарастарды түсінуге көмектесті. Бұл бағдарлама арқылы мен әр елдің студенттерімен таныстым, олармен ағылшын тілінде еркін сөйлесемін. Менің мамандығым – ағылшын-корей мұғалімі, сондықтан ағылшын тілін жетілдіру – мен үшін үлкен мүмкіндік.

- Польшада студенттік өмірді қалай сипаттар едіңіз?

- Польшада нағыз студенттік өмірді сезініп жүрмін. Әр күнімді пайдалы істермен айналысуға тырысамын. Жатақханада тұрып, студенттік өмірді көру – менің мектеп кезіндегі арманым. Жатақханада study room, gym room, TV room сияқты бөлмелер бар, бұл студенттердің уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасайды. Әртүрлі ұлт өкілдерімен бірге тұрып, олармен жақсы тіл табысып кеттік.

- Польша мәдениеті мен дәстүрлерінен не үйрендіңіз?

- Жақында 11 қараша күні Польшада Тәуелсіздік күні тойланды. Поляк халқының өте ұлтшыл, патриот екенін байқадым. Әр мейрамды шын жүреппен тойлайды. Сонымен қатар, поляктар әр елден келген студенттерге опера-балет театрына тегін билеттер ұсынады. Бұл олардың қонақжайлылығы мен ашықтығын көрсетеді.

- Сіздің осы бағдарлама арқылы алған дағдыларыңыз болашақ мансабыңызға қалай көмектеседі деп ойлайсыз?

- Еуропада оқып жүріп, демалыс уақытында басқа елдерді аралаймын. Қазірге дейін Германия мен Чехияда болдым, алда тағы көптеген елді көру жоспарым бар. Ағылшын тілін жетік меңгеріп, болашақта халықаралық деңгейде жұмыс істеп, елімді танытқым келеді.

- Осы бағдарламаны аяқтағаннан кейін алған тәжірибеңізді қалай пайдаланасыз?

- Қазір ағылшын тілімді белсенді түрде дамытып жатырмын. Қазақстанға оралған соң, ағылшын-корей тілінен репетитор болып жұмысымды жалғастырып, мұғалімдік қабілетімді арттыруды көздеймін.

- Қазақстандық студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін қандай кеңес берер едіңіз?

- Университеттегі GPA-ді жоғары ұстаңыз және ағылшын тілін ертерек үйренуді бастаңыз. Әрекет студент қорықпаңыз, басқа студенттердің қолынан келген дүние сіздің де қолыңыздан келеді. Өзіңізге сеніңіз!

- Еуропадағы білім сіз үшін жаңа мүмкіндіктерді ашатын кеңістік болсын! Әңгімелескеніңізге рақмет!

Әңгімелескен Азамат АБИМОЛДА

«Қорқыт із кесушілері» жұлдегер атанды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде ұйымдастырылған “КримЭкс-2024” кәсіби шеберлік байқауында жүлделі I орын иеленді.

Байқау Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) шеңберінде, атап айтқанда ТДМ №4 “Сапалы білім беру” және ТДМ №16 “Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар” мақсаттарына сәйкес өтті. Оған 9 команда қатысып, қатысушылар қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика саласындағы білімдерін бес кезең бойынша сынады.

Қорқыт Ата университетінің “Қорқыт із кесушілері” командасы үздік өнер көрсетіп, “Құқықтану” білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері байқауда II орын иеленді. Сонымен қатар, олар байқау аясында өткізілген “КримЭкс” онлайн дауыс беруде I орынға ие болды.

Бұл жеңіс университет студенттерінің жоғары кәсіби даярлығы мен заң саласындағы терең білімдерін көрсетіп қана қоймай, олардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті екенін дәлелдейді.

МЕДИА орталығы



Нөмір нақылы:

**Ақыл, қайрат,
жүректі бірдей
ұста, сонда толық
боласың елден
бөлек**

Жаңа жыл – жарқын болашақтың бастауы!

Құрметті студенттер, әріптестер!



Сіздерді келе жатқан Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

2024 жыл университетіміз үшін жаңашылдық пен жетістіктерге толы болды. Біз академиялық бағдарламаларды сапасын арттыру, ғылыми жобаларды ілгерілету және халықаралық ынтымақтастықты нығайту бағытында ауқымды жұмыстар атқардық. Осы жетістіктеріміз сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен ортақ мақсатқа деген талпыныстарыңыздың арқасында жүзеге асты.

Жаңа жыл – жаңа идеялар мен мүмкіндіктер уақыты. Бұл жылы біз алға қойған мақсаттарымызды жүзеге асырып, заманауи білім беру жүйесінің биік шыңына шығуға талпынамыз. Студенттерімізге білім жолында үлкен табыстарға жетуді, жаңа ғылыми жетістіктер мен креативті жобаларды іске асыруды тілеймін. Ал университет ұжымының әрбір мүшесіне кәсіби өсу, жемісті еңбек және шығармашылық шабыт серік болсын!

2025 жыл сіздердің әрқайсыңызға бақыт, молшылық пен тұрақтылық әкелсін! Отбасыларыңыз аман болып, барлық армандарыңыз орындалсын. Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі тілекпен, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор Дана Абдрашева

Құрметті университет студенттері!



Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Өткен жылдың қорытындысын шығарып, болашаққа жоспарымызды құрып жатқан мына сиқырлы кезеңде, мен сіздерге алдықтыңыз, қажырлы еңбектеріңіз бен білімге деген құштарлықтарыңыз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Сіздердің әрқайсысыңыздың біздің қоғамдастығымызда ерекше үлестеріңіз бар, мен сіздердің білім алудағы сапарларыңыздың бір бөлігі болғанымды мақтан тұтамын.

Жаңа жыл амбициялы жобаларыңызды жүзеге асыру үшін жаңа идеялар, шабыт және мүмкіндіктер әкелсін. Сіздерге денсаулық пен бақыт, оқуда және өмірде сәттілік тілеймін. Әрбір күндеріңіз жақсы жаңалықтар мен қуаныштарға толы болсын!

Ізгі ниетпен, Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Махмұт Томанов

Құрметті әріптестер, студенттер және серіктестер!



Жаңа 2025 жылдың келуімен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жыл біз үшін ғылым мен білім саласында жаңа мүмкіндіктер ашып, маңызды жетістіктерге қол жеткізген ерекше кезең болды. Біз халықаралық серіктестерімізбен ынтымақтастықты кеңейтіп, ғылыми-зерттеу жобаларымыздың ауқымын арттыра алдық. Осы игі істердің барлығы сіздердің талпыныстарыңыз бен белсенді еңбектеріңіздің нәтижесі.

2025 жыл біздің университетіміз үшін даму мен жаңашылдық жылы боларына сенемін. Бұл жылы біз жаңа ғылыми бағыттарды зерттеп, халықаралық аренада білім беру саласының беделін арттыруды жалғастырамыз. Студенттерімізге әлемдік білім кеңістігінде көшбасшы болуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау – басты міндетіміз.

Сіздердің әрқайсыңызға жаңа жылда зор денсаулық, мол мүмкіндіктер мен шабыт тілеймін. Жаңа бастамаларыңыз сәтті болып, шығармашылық идеяларыңыз жүзеге асысын! Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі ниетпен, Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Әбілтайқызы

Құрметті әріптестер мен білім алушылар!



Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – өткен жылды қорытындылап, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктерге жол ашатын ерекше сәт.

Ұлу жылы университетіміз үшін табысты да жемісті жыл болды. Студенттеріміз білім мен ғылым саласында жоғары белестерді бағындырса, ұжымымыз өз ісіне адалдық пен кәсібиліктің үлгісін көрсетті. Бұл жетістіктер сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің, ынтымақтастықтарыңыз бен ортақ мақсатқа ұмтылыстарыңыздың нәтижесі.

Сонымен қатар, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге жетті.

Студенттеріміз республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларда, ғылыми жобаларда, спорттық және мәдени іс-шараларда жоғары орындар иеленді. Бұл университетіміздің білім мен тәрбие берудегі айқын көрінісі. Сондай-ақ, студенттердің шығармашылық және спорттық дамуы үшін жаңа орталықтар ашылып, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Жаңа жылда әрбір жұмысымыз жемісті, берекелі болсын. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт және шығармашылық табыстар тілеймін. Жаңа жыл баршаңызға тек жақсылық әкелсін!

Құрметпен, Басқарма мүшесі - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай



<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPY0007786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p>	<p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Б.С.КӨРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Г.Д.ЗЕЛБАЕВА - Тұлғалар қауымдастығының төрайымы</p>	<p>Жауапты редактор: Азамат Абимолда</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Алданышұлы</p>	<p>SYR TULEGI student jastar gazetі</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен колжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшірініп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
---	--	---	--